

Оспанов Е. Т. Ф.ф.к.



Академиялық жазылым

Кіріспе

Кіріспе - жазба жұмысының ең көп оқылатын бөлімі. Кейде кейбір студенттер үшін кіріспе бөлімді жазу біршама қиындықтар тудырады.

Кіріспе жазу барысында мына кеңестерді есте сақтаған жөн:

Кейбір студенттер үшін кіріспені соңында жазған тиімді. Өйткені, жазу барысында түрлі ойлар туындап, олар эссе құрылымы мен кіріспенің жазылуына әсер етуі мүмкін.

Егер алдымен кіріспені жазғанды қаласаңыз, соңынан қайта қарап, түзетіп шығуды ұмытпаңыз.

Кіріспе көлемі сіз жазатын эссе көлеміне тікелей байланысты. Егер жиырма беттен тұратын ғылыми жұмыс жазсаңыз екі бет кіріспе жазылуы мүмкін. Сондықтан да, кіріспені тым көлемді түрде жазуға болмайды.

Мүмкіндігінше ойыңыз анық болу керек. Талқынатын тақырып алғашқы сөйлемнен-ақ білінуі қажет. Ойды немесе тақырыпты алыстан қозғау жиі кездесетін қателік. Ойыңызды кіріспеде анық білдіретін болсаңыз, оны кіріспенің соңында беруіңіз мүмкін, бірақ бұл міндетті емес.

Неліктен кіріспе жазу қиындық тудырады?

- Ешқашан алғашқы қызығушылықты оятуға екінші рет мүмкіндік берілмейді.
- Кіріспе мәтіннің негізгі жоспары болып табылады.
- Кіріспе мәтінде қаралатын ақпарат туралы мәлімет беруі тиіс.

Кіріспе бөлімді жазудың жолы

- Оқырманды жұмысты оқып шығарлықтай құнды екеніне сендіру.
- Кіріспені жалпы ақпарттан бастаңыз, бірақ тым кең мағлұматтан бастамау.
- Кіріспені соңынан жазуға тырысыңыз.
- Кіріспені ең соңынан жазу.
- Алғашқы сөйлемге ерекше мән беру.

•Қорытынды:

Қорытынды эссенің соңғы бөлімі. Онда негізгі бөлімде қарастырылған мәлімет қысқаша қамтылады, сол себепті ол негізгі бөлімге байланысты болады. Сонымен қатар, Кіріспеде айтылған сұраққа жауап беріледі.

Қорытынды жазу барысында ескеретін кеңестер:

- **Өз аргументтеріңіз бен ойларыңызды қысқаша қортындылап беріңіз;** Қорытынды бөлімде Негізгі бөлімде берілген ойларыңызды түйіндеу барысында жаңа сөздер мен сөз тіркестерін қолданған жөн.
- **Өз қорытынды пікіріңізді білдіріңіз.** Бұл қорытынды бөлімнің негізгі шарттарының бірі
- **Өз пікіріңіздің маңызды екенін анық етіп жазыңыз.** Себебі, эссені жазудағы мақсатыңыз жазылып отырған тақырып жөнінде өз ойыңызды білдіру болып табылады.
- **Қорытынды көлемін шағын етіп жазыңыз.** Негізен қорытынды жазылған жұмыстың 10 пайызынан аспауы қажет. Бірақ, эссе көлемі шағын болса, бұл көлем сақталмауы да мүмкін.

Қорытынды жазу барысында ескеретін жайттар:

Эссенің негізгі бөлімінде берілген көлемді ақпаратты қайталамау. Бұл эссе көлемін арттыру мен қатар оқырманды жалықтыруы мүмкін.

Негізгі бөлімде талқыланбаған жаңа ойды жазбау. Жаңа ой жаңа талқылауы қажет емес ал қорытынды бөлімде жаңа ой талқыланбайды, тек айтылған ой қорытындыланады

практикалық сабақ:

- Кіріспені жазудың ерекшелігі.
- Түйін сөздер.
- Жазба жұмыстардың кіріспе бөліміне талдау жасау

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

Жазба жұмыстарының кіріспе және қорытынды бөлімін жазу

Пайдаланылған әдебиеттер:

- Оразбаева Фаузия Шамсиевна. Тіл әлемі [Текст]: мақалалар, зерттеулер.- Алматы: Ан-Арыс, [278 б] 2009.- 368 б.
- Короткина И. Б. Возможности использования зарубежного опыта развития академических языковых навыков в российском образовании // Вестник Московского государственного областного педагогического университета. – 2009. – № 4. – С. 81-84.
- Чеканова А. Э. Обучение написанию аналитической статьи на английском языке как средство развития словесно-логического мышления студентов // Педагогическое образование в России. – 2011. – № 1. – С 176-183.
- Oshima, A. and Hogue A. Writing Academic English (The Longman Academic Writing Series, Level 4) 2005, Pearson PTR Interactive
- Sowton, C. 50 Steps to Improving Your Academic Writing Study Book Imprint: Garnet Education, 2012.